

Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық мәслихатының 2021 жылғы 4 тамыздағы № 8-15 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 6 тамызда № 23894 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқық актілер туралы" Заңының 27 бабы 2-тармағына сәйкес Сырым аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Мәслихаттың келесі:

1) Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық мәслихатының "Сырым ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" 2018 жылғы 6 сәуірдегі № 25-2 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5176 болып тіркелген);

2) Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық мәслихатының "Сырым ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға және әкетуге арналған тарифтерді бекіту туралы" 2020 жылғы 9 қазандағы № 59-3 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6420 болып тіркелген) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы

Ш. Дуйсенғалиева